



Құттықтау!

Мерейлі мерекелі өлке өндірісшілері

Қадірлі Паскаль Бастьен және «Катко» БК» ЖШС ұжымы!

Сіздерді «Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорнының құрылғанына 25 жыл толған мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймыз!

«Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорнын уран өндіру саласында табысты қызмет етіп жүрген компания. Қазақстанның уран өндірісі саласында әлемде көшбасшы мемлекет болуына айрықшы үлес қосты. Осы жылдар аралығында мемлекет ұстанған саясатын жүзеге асырып, еліміздің экономикалық даму көрсеткіштеріне үлес қосып, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне үлкен еңбек сіңірді. Уран өндіруде көшбасшы кәсіпорын, Созақ ауданындағы ірі әлеуметтік жобаларға демеушілік көрсетті. Аймақтың дамуы үшін қомақты қаржы бөліп, тұрмысы төмен отбасыларды тұрақты түрде қолдап келеді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосып, компания жыл сайын ауданда 30-ға жуық қысқа және ұзақ мерзімді жобаларға көмек қолын сөзді. Ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, мәдени көпшілік шаралардың ұйымдастырып, жергілікті тұрғындардың өміріне жауапкершілікпен қарайды. Қазіргі таңда аудан халқы «Катко» кәсіпорнын әлеуметтің алдындағы жауапкершілікті адал атқарып келе жатқан компания ретінде таниды.

Құрметті «Катко» БК» ЖШС ұжымы!

Созақ ауданының халқына көрсетіп жатқан қолдауларыңыз үшін үшін үлкен алғысымызды білдіреміз. Осындай игі істердің басында жүрген «Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорнының барша ұжымын мерекемен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Ізгі ниетпен:
М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі,
Б.БАЙҒАРАЕВ,
аудандық мәслихат хатшысы.

Оңтүстік өңірлердің энергия көздері отынмен қамтамасыз етіледі

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр селекторлық режимде 2022-2023 жылғы жылыту маусымын өткізу мәселелері бойынша кеңес өткізді, деп хабарлайды Egemen.kz Primeminister.kz сайтына сілтеме жасап.

Жиын барысында Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағамбетов, индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Еркебұлан Дауылба-

ев, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстары әкімдерінің орынбасарлары жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы баяндады.

Жылыту маусымы барлық өңірлерде басталып, тұрақты өтіп жатыр. Айта кетсек, еліміздің электр станцияларында 5 энергоблок, 42 қазандық және 31 турбина жөнделді, 4,3 млн тонна көмір және 88 мың тонна мазут бар, бұл нормативтерге сәйкес келеді. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандары мен тұрғын үйлер қыс мезгіліне

дайын. Автономды қазандықтарда қажетті отын қоры жиналды.

Кеңес қорытындысы бойынша Роман Скляр әкімдіктерге жеткізілген отын үшін коммуналдық қызметтер мен энергия көздері үшін дебиторлық берешекті төмендету бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.

Сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, оңтүстік өңірлердегі энергия көздеріне отынды тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуі қажет.

Мектеп формасына қойылатын талаптар жеңілдейді

Қазақстанда мектеп формасына қойылатын талаптар жеңілдейді, деп хабарлайды Egemen.kz.

Оқу-ағарту министрлігі қолданыстағы бұйрыққа толықтырулар енгізуді ұсынды. Бұл ретте түсі, стилі және басқа да белшектері мектеп әкімшілігімен келісілуі тиіс.

Орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова мектеп формасына қойылатын талаптар өзгермейтінін айтты. Бұл ата-аналар мен оқушыларға қосымша таңдау мүмкіндігін ғана береді. Мәселен, комитет төрағасы атап өткендей, балама ретінде мектепке ыңғайлы киіммен келуге рұқсат беру ұсынылады. Алайда дәстүрлі мектеп формасының стилі өзгеріссіз қалуы қажет екенін атап өту керек.

«Бұл шешім мектеп әкімшілігімен бірлесіп қабылданады.



Жаңа толықтырулар келесі жылы күшіне енеді. Бірақ бұл мектептер бекітілген талаптарды міндетті түрде қайта қарауы керек дегенді білдірмейді», деп түйіндеді Гүлмира Кәрімова.

Бұған дейін ата-аналар мұндай мүмкіндікті қарастыру туралы өтініш білдірген еді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың 21 қыркүйегінде Қазақстан халқына үндеу жасап, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашада өткізу туралы Жарлыққа қол қойғанын жариялады. Мемлекет басшысы соңғы үш жыл елімізде жаңа жақты реформалар мен нақты өзгерістер жылдарына айналғандығын айта келіп, осы мерзім аралығында жүргізіліп жатқан реформалар аясында атқарылатын және атқарылған істерді атап өтті. Оның бірқатарына тоқталсақ, енді Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа аралас жүйе бойынша жасақталады, депутаттардың бір бөлігі партиялық тізіммен, қалғаны бір мандатты округтен сайланады. Сондай-ақ биліктің бірқатар өкілеттігі қайта бөлініп, кейбір құзыреттер Президенттен Парламентке берілді. Бұдан бөлек, енді өңірлердің әкімдері баламалы жолмен таңдалады, саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетіліп, тіркеудің қажетті шегі

Жаңа сайлау-жаңарған талап

төмендетіледі.

Осылайша, еліміздегі демократиялық бағыттағы үрдістер кеңінен етек ала бастады. Ендігі жерде аталған өзгерістер мен конституциялық реформалардың жемісін халық көруі үшін басты мемлекеттік институттар – Президент, Парламент, Үкімет және мәслихаттардың барлығын кезекпен қайта құру қажеттілігі туындап отырғандығын айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында Президент мандатының ұзақтығын 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді, биыл кезектен тыс Президент сайлауын, келесі жылы Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауын өткізуді ұсынған болатын.

Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы 20 қарашада өтетін болып белгіленді. Орталық сайлау ко-

миссиясы мен оның жергілікті жерлердегі құрылымдары алдағы саяси науқанды өткізу жөніндегі дайындық пен ұйымдастыру жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Кезектен тыс Президент сайлауының мақсаты – Конституциялық реформаларда көзделген институционалдық өзгерістің барлығын осы жылдың соңына дейін заңмен бекітіп алу.

Бұл дегеніміз, біріншіден, елімізде президент өкілеттігін бір мерзіммен шектеу – еліміздің демократиялық бағытты берік ұстанғанын көрсетеді. Осылайша, Қазақстан президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеген посткеңестік кеңістіктегі бірден-бір ел боламыз. Екіншіден, үстіміздегі жылдың қараша айында өтетін кезектен тыс Президент сайлауы келесі жылдың алғашқы жартысына жоспарланып отырған Мәжіліс пен

барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауы арқылы саяси бәсеке күшейеді. Депутаттардың жаңа легінің пайда болуына септігін тигізіп, депутаттар корпусының құрамы жаңа талап бойынша өтетін сайлау арқылы жасақталады.

Сонымен қатар, халық және партиялардың арасынан саяси аренаға шыққысы келетін үміткерлер конституциялық реформалардың тиімді тұстарын пайдаланып, жүзеге асыруға мүмкіндіктер алып, ҚР Үкіметінің жаңарған құрамы жасақталады. Осы өзгерістердің нәтижесінде алдымыздағы жылдың орта шенінде еліміздегі Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың барлығы жаңаруы тиіс.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы.

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

Сайлаушы болу орнын ауыстырған жағдайда 4 қарашадан 19 қарашаға дейін басқа сайлау учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін 4 қарашадан 19 қарашаға дейін алуға болады

Есептен шығару куәліктерін беру 19 қараша сағат 18.00-де тоқтатылады

Дауыс беру кезінде сайлаушы есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді

Учаскелік сайлау комиссиясы азаматты сайлаушылардың тізіміне қосады және дауыс беру бюллетенін береді

ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

Дауыс беру күні сайлау учаскесіне келуге мүмкіндігі жоқ Қазақстан азаматтары сайлаушылар тізіміне енгізілген учаскеден тыс дауыс бере алады

Негіздері:
- денсаулық жағдайы
- отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау
- шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуы

Ол үшін сайлаушы орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы өтінішпен жазбаша өтініш беруі керек

Өтініш беру мерзімі – дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат 12.00-ге дейін

Бюллетень сайлаушыға жазбаша өтініш пен жеке басын куәландыратын құжат негізінде беріледі

Дауыс беру құпиясы міндетті түрде сақталады

ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

САЙЛАУ КҮНІ БРАЙЛЬ ШРИФТІМЕН ТРАФАРЕТТЕР ҚОЛДАНЫЛАДЫ



Осы жылдың 20 қарашасында өтетін кезектен тыс президент сайлауында Брайль шрифтімен трафареттер қолданылады. Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Анастасия Щегорцова айтты.

«2022 жылғы 22 қыркүйекте жүргізіліп жатқан жұмыстарды жетілдіру мақсатында ЕҚЫҰ ДИАҚБ сарапшыларымен онлайн-консультация өткізілді. Мүгедектігі бар адамдар үшін қолайлы жағдай жасау үшін халықаралық стандарттар мен ЕҚЫҰ елдерінің үздік халықаралық тәжірибесі егжей-тегжейлі қаралды», - деді ол Орталық сайлау комиссиясы жанындағы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс тобының отырысында.

Оның айтуынша, Орталық сайлау комиссиясы жұмыс тобы мүшелерінің, мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің мүгедек адамдардың тарапынан сайлау құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты келіп түскен ұсыныстарын зерделеді. Барлығы 30-ға жуық ұсыныс түсті. Олардың кейбіреуі дауыс беруге арналған үй-жайды жарақтандыру, сондай-ақ мүгедек азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа еріктілерді, ым-ишара тілі мамандарын тарту мәселелерін жан-жақты қарастырады.

«Брайль шрифті пайдалана отырып, көру қабілеті бұзылған адамдар үшін трафареттерді әзірлеу туралы ұсыныс ескерілді», - деді Анастасия Щегорцова.

САЙЛАУ КҮНІ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ИНВАТАКСИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Бүгін ҚР Орталық сайлау комиссиясы жанынан құрылған мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті.

Жиында 20 қарашада өтетін Президент сайлауында мүмкіндігі шектеулі жандардың дауыс беруі үшін қолайлы жағдай жасау мәселесі қаралды.

- Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының ережесін және жұмыс тобының жаңа құрамын бекітті. Оның құрамына 19 адам, яғни мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кірді, - деді ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров.

Осыдан кейін ҚР ОСК мүшесі Анастасия Щегорцова жергілікті атқарушы органдар ұсынған деректерге сәйкес, еліміздегі сайлау учаскелерінің 92 пайызы пандустармен, 82,3 пайызы ғимаратқа кіреберістеги тактильді белгімен қамтамасыз етілгенін айтты.

- Учаскелердің 95,2 пайызында мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін арнаулы бұрыш жабдықтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар учаскелердің 94,1 пайызында кабиналарды кресло-қоларбамен жүретін азаматтарға қолжетімді етіп жабдықтау көзделіп отыр. Дауыс беретін күні инвакиси қызметі жұмылдырылатын болады, - деді ол.



ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА ОРАЙ БАЙҚАУШЫЛАРДЫҢ ӘДЕП КОДЕКСІ ӘЗІРЛЕНДІ

Елімізде өтетін кезектен тыс президент сайлауына орай байқаушылардың Әдеп кодексі әзірленді. Бұл туралы елордада өткен брифингте Партиялық емес байқау орталығының төрағасы Төлеген Күнәділов айтты.

«Байқаушылардың Әдеп кодексі әзірленді. 3 қарашада барлық серіктестеріміздің, кандидаттардың республикалық штаб өкілдерінің басын қосуды жоспарлап отырмыз. Жалпы, тәжірибеде байқаушылардың өздері заң бұзушылыққа жол беретіні кездеседі. Алдағы өтетін кездесуде аталған құжатты талқылап, қабылдауды көздеп отырмыз. Одан кейін оны жұмыс істеу үшін Орталық сайлау комиссиясына жібереміз», - деді Төлеген Күнәділов брифинг барысында.

Ол байқаушылар заңдылық пен ашықтықты сақтап, барлық кандидатқа бейтарап болуы тиістігін баса айтты. Сонымен қатар соңғы уақытта байқаушылар тарапынан сайлау үдерісіне қызығушылық артып келе жатқанын ерекше атап өтті.

«Егер 2010 жылғы сайлауға 29 мың адам байқаушы ретінде қатысса, 2019 жылы олардың саны 45 мыңға жетті. Ал 2021 жылы өткен парламенттік сайлауға 74 мың байқаушы тіркелді. Қоғамның қызығушылығы артып келеді. Азаматтық қоғам байқаушы ретінде көп қатысқан сайын азаматтардың таңдауы заңмен қорғала түседі», - деді орталық төрағасы.

ТМД БАЙҚАУШЫЛАР МИССИЯСЫ САЙЛАУ НАУҚАНЫН МОНИТОРИНГІЛЕУГЕ КІРІСТІ

ТМД байқаушылар миссиясы еліміздегі президент сайлауы науқанын мониторингілеуге кірісті. Бұл туралы ТМД Атқарушы комитеті төрағасының – атқарушы хатшысының орынбасары Ильхом Нематов айтты.

«ТМД байқаушылар миссиясы сайлау науқанын мониторингілеуге кірісті. Бүгін біз ұйымдастыру мәселелерін шешумен айналысатын миссия штабын ашамыз. Штаб өңірлерге қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді байқаушыларды бөлу, Қазақстанның сайлау заңнамасын бағалау мәселелерімен айналысатын болады. Миссия басшысы ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы Сергей Лебедев болады. Маған миссиямыздың ашылуына қатысу тапсырылды», - деді ол Орталық сайлау комиссиясында өткен брифингінде.

Оның атап өтуінше, миссия құрамына ТМД-нің барлық елінің өкілі, ТМД Парламентаралық Ассамблеясының, Ресей-Беларусь одақтас мемлекетінің Парламенттік Ассамблеясының өкілдері, Астанада аккредиттелген дипломаттар және ТМД Атқарушы комитетінің қызметкерлері кіреді.

«100-ден астам адам болады. 10 адам - ұзақ мерзімді байқаушы. 100-ден астам адам қысқа мерзімді байқаушы. Ұзақ мерзімді байқаушылар келіп, аккредитациядан өтті. Қысқа мерзімді байқаушылар Қазақстанға сайлау қарсаңында екі-үш күн қалғанда келеді. Әрине, біз барлық аймақты және сайлау учаскелерін қамтуға тырысамыз. Байқаушылар сайлау учаскелеріне, аумақтық сайлау комиссияларына барады, сайлау науқанына дайындық барысын талқылайды», - деді Ильхом Нематов.

ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС БАЙҚАУ ОРТАЛЫҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНЫҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢІН БАҚЫЛАЙДЫ

Партиялық емес байқау орталығы 20 қарашада өтен президент сайлауында барлық сайлау учаскесіне байқаушыларын жібермек. Бұл туралы аталған орталықтың төрағасы Төлеген Күнәділов айтты.

- Өңірлерде республикалық деңгейде ахуал штабтарын құрдық. Ол жерде барлық байқаушылар пулын оқыту іс-шарасы жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда 80-нен астам онлайн және офлайн форматта оқыту жүргізілді. Сайлау науқанының күрделі екенін жақсы білеміз. Сондықтан осы науқанда тәжірибелі, байқаушы ретіндегі құқықтары мен міндеттерін түсінетін адамдарға арқа сүйейміз. Бұл сайлауды шынайы бағалауға мүмкіндік береді, - деді ол елордада ұйымдастырылған брифинг барысында.

Оның атап өтуінше, өткен аптада орталық президенттікке кандидаттардың штаб жетекшілерімен кездесу ұйымдастырған. Онда үгіт-насихат жұмыстары кезіне қоғамдық мониторинг жүргізу, сайлау күні барлық учаскеде сайлау үрдістерін бақылау мәселелері бойынша пікір алмасу болған.

- 20 қараша күні еліміздегі барлық сайлау учаскесіне байқаушыларымызды жіберуге ниетті болып отырмыз, - деді Төлеген Күнәділов.

Сондай-ақ орталық төрағасы президенттік сайлауды байқауға келетін ТМД, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың миссия өкілдерімен кездесулер жоспарланғанын да атап өтті.

Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі.

Мерейтой құтты болсын!



Зинулин Төлеген Жалғасбайұлы—1960 жылы 30 шілде дүниеге келген. Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе қаласының тумасы. Мектеп бітірген соң Ресейде әскери борышын өтеген. Тараз қаласындағы ТарГУды инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. Бірақ еңбек жолын жүргізушілікке арнаған. Бүгінгі таңда Катко БК да жүргізуші болып қызмет атқарады. Жолдасы Зинулина Мариям Фазизқызы екеуі 2 қыз 1 ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан немере сүйіп отырған жайлары бар. Үлкен қызы—заңгер, екінші қызы—эколог, ал, ұлы—заңгер. Ол, Американдық компанияда заңгер болып жұмыс істеген. Әлемді жайлаған пандемия кезінде компанияда кадрды ықшамдау жұмыстары жүргізіліп, ұлы ол жерден босаған. Бүгінде білімін жетілдіру мақсатында Польшада магистратурада грантта оқиды. Жолдасы Мариям Фазизқызы 17 жыл бо-

йы «Катко» БК компаниясында лаборант болып жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққан. Келесі жылы Төлеген Жалғасбайұлы өзі де зейнет жасына жетуіне байланысты зейнеткерлікке шықпақ ниетте екен.

Төлеген Жалғасбайұлы 1995 жылы Ақтөбеде аталған компанияда 5 жыл жұмыс істеген. Содан кейін 2000 жылдан бері осында яғни Созақ ауданына шақырту алып, бүгінгі таңға дейін осы Катко компаниясында жұмыс жасап келеді.

«Катко» БК компаниясына айтар алғысым шексіз. Отбасымызды, бала-шағамызды осында істеген жұмысым арқылы бағып-қағып, бүгінгі күнге жеткізгенім осы жұмыс орнының арқасында деп білемін. Біздің басшылық әрдайым өз қызметкерлеріне үлкен құрметпен қарап, қашанда көмек қолын созуға дайын тұрады. Біздің компаниямыз келешекте де өзінің жоғары деңгейлік абыройын сақтап қала береді деп сенемін. Ұжымдастарым және компания басшылығын мерейлі 25 жылдық мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!—дейді, компания жүргізуші Төлеген Жалғасбайұлы.

Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ.

Бүгінгі Ғылым мен технологияның дамыған заманында, өркениетті еліміздің жастары стереотипті яғни жаңаша көзқарастағы буын еліміздің жарқын болашағын айқындайтыны сөзсіз. Жастар көптілділікке бейім, жаңаша заманауи технологияны еркін меңгерген, алпауыт бәсекелестікке қабылетті елдермен еркін конкуренцияға түсе алатыны байқалады. Бұл дегеніміз заман талабына сай буын өркендеп келеді деген сөз.

Алдабергенова Айжан Серікқызы, қазақтың қаракөз қызы Қазақстандық-Фран-



Айжан-кәсіпорынның жауапты маманы

цуздық «КАТКО» бірлескен кәсіпорнының жауапты қызметкері. Ана тілінен бөлек бірнеше шет тілдерін еркін меңгерген Айжан Қызылорда қаласында дүниеге келіп, орта мектепті үздік бітіріп, туған қаласында «Қорқыт Ата» атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінен ағылшын- француз тілдері бойынша аудармашы-реферант мамандығы бойынша білім алып, еңбек жолын «Петро-Қазақстан-Құмкөл-Ресорсиз» компаниясында телекоммуникация бөлімінде аудармашы-диспетчер болып бастайды. Алты жыл бір салада тиянақты еңбек еткен Айжан білімімен және алғырттығымен бәсекелес компаниялар арасында басшылық құрамның на-

зарын аудартады. Қарапайым қазақ қызы еңбекқорлығымен қатар стеротипті, иновациялық білімімен сондай-ақ заманауи технологияны еркін меңгерген, адамдармен еркін пікірлесіп, ұтымды ұсынысын ортаға салып, орындалуына /реализациясына/ яғни жүзеге асуына тиісті орындардың көзін жеткізе алады. Коммуникация бөлімінде алты жыл табанды еңбек еткен Айжан «КАТКО» компаниясына логистика бойынша ортаға дирекция ассистенті болып ауысады. Коммуникация саласы бойынша жеткілікті тәжірибеге қол жеткізген Айжан компанияның бас директорының ұсынысымен «КАТКО» бірлескен кәсіпорнының коммуникация және корпоративті

әлеуметтік жауапкершілік саласын басқарады. Айжан Серікқызы Түркістан облысы бойынша, соның ішінде Созақ ауданы әкімдігімен тығыз байланыс ұстап, кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігі бойынша жоспарлардың, меморандумдардың, ұсыныс, талаптардың орындалуын, жүзеге асуын қадағалап отыратын бірден бір маман.

Айтары жоқ, қыздарымыздың үлкен компанияларда жауапты қызмет атқарып, ел игілігіне қатысты маңызды жобалардың іске асуына ықпал жасап отырғаны тек қана қуантады. Айжанның алар асулар, жетер жетістіктері әлі алда деп білеміз.

Нұржамал МАЙУСОВА.

МАМАНДЫҒЫМЕН МАҚТАНАТЫН МАРИНА

Оқырмандарымызға өмірі мен еңбек жолын насихаттағалы отырған кейіпкеріміз Марина Буранова 1957 жылы Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 1982 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп шыққан соң, медициналық білім алып келіп, 13 жыл бойы Таукент Поселкесіндегі МЧС-7 мекемесінде жұмыс жасаған. Ауданымызда Қазақ-Француз БК өзінің жұмысын жандандыра бастаған 2000 жылы жолдасы Шухрат Бурханов екеуі осында жұмысқа орналасады. Міне, содан бері бас-аяғы 20 жылдай уақыт осы бір кереметтей кәсіпорында қызмет етіп келеді. Кейіпкеріміз алғаш жұмысын дозиметрист, ал күйеуі картажды станцияның қарапайым көлік жүргізушісі болып бастаған. Катко кәсіпорнында жұмыс істеп жүріп, екеуі де осы салаға қатысты сырттай жоғарғы оқу орнына түсіп, кәсіби деңгейлерін көтеруді ұйғарады. Нәтижесінде біраз уақыт жолдасы Шухрат ГТП-ның мастери дағы, Маринаның өзі қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздікті қадағалайтын (ООС және РБ) супервайзер болып жұмыс жасайды. Жалпы, кез-келген кәсіпорын ҚР-ның заңдарына сәйкес болуы тиіс. Осы ретте Катко БК-ның ішінде қызметкерлердің денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау арнайы дирекциясы құрылды. Жоғары да айтқанындай Марина Буранова әлгі аталған дирекцияның құрамына кіретін ООС және РБ да жұмыс жасайды. Ал енді, кейіпкеріміз негізгі қызметіне осы ООС және РБ бойынша заңға енгізілген өзгерістерді қадағалап отыру; ол өзгерістердің жұмыс процесіне енуін бақылап отыру; экологиялық жобаларды түзіп, мемлекеттік органдардан рұқсат алу жатады. Кәсіпорында экологиялық



қадағалаулардың сақталуын бақылау және мониторинг жасау; қоршаған ортаның ахуалы жайлы есеп беріп отыру; кәсіпорын жұмысшылары мен мердігер компаниялардың қызметкерлерінің арасында жоғарыда айтылған заңдылықтарды қатаң сақтап отыру керектігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отыру; заңға сәйкес кәсіпорын ішінде радиациядан қорғану тәртіптерін де бақылап отыру кереді. Күннен күнге қадағалаушы органдардың тарапынан экологиялық талапты сақтау кодексінің күшейіп отыруына байланысты әріптестерімізбен бірге кәсіпорын қызметкерлерінің арасында түсіндірме жұмыстарын арттыруға және өндірістен шыққан қалдықтарды сұрыптап отыруды жұмысқа ғана емес үйде де сақтау қажеттігін ұғындырып отыруға мәжбүр көрінеді. Се-



бебі, жаңарған Қазақстанда және жалпы дүние жүзінде өндірістен шыққан қалдықтарды қайта өндірісте қолдану үшін қайта өңдеп шығаратын арнайы технологиялық өндіріс орындары құрылуда. Бұдан мақсат-бұған дейін қолданып келген және қоршаған ортаға қауіпті өндіріс қалдықтарын көметін арнайы полигондардан арылу. Сондай-ақ, кәсіпорын Марина секілді мамандардың Қазақстанның ішінде және шетелдерде білімін жетілдіріп және кәсібилігін шыңдау үшін де барлық жағдайды жасап қойған. Мысалға: 2013 жылы әріптестерімен Канадаға, уран өндіретін кен орнына барады. Кейіпкеріміздің айтуынша, егер біз де уранды жерастынан ұңғып алатын болса, Канадада шахталық әдісті қолданатынға ұқсайды. Тағы да біздегідей онда да қызметкерлердің

денсаулығына қоршаған ортаның қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар, Маринаның кәсіпорында әрбір қызмет ауыстыруы оның күн артқан сайын кәсіби деңгейін арттыруға өз ықпалын тигізіп отырған көрінеді. Маринаның сөзіне қарағанда кәсіпорын басшылығы қызметкерлерінің еңбегін, компанияның дамуы үшін қосқан үлестерін үнемі лайықты бағалап, әрдайым қолдап-қуаттап та отырады екен. Осы ретте кейіпкерім күйеуі екеуі кәсіпорынның дамуына қосқан үлестері үшін бір емес, бірнеше рет арнайы наградалармен, сыйақылармен және мақтау қағаздарымен марапатталған. Сондай-ақ, Шухрат пен Маринаның отбасында екі ұлы бар. Үлкені ата-анасымен бірге Каткода жұмыс жасап, ал кішісі студент. Жалпы, Маринаға да отбасына да осында жұмыс істеген ұнайды. Енді екі жылдан соң жолдасы зейнетке шығады. Ал өзі болса зейнеткерлікке төрт жылдан соң шығатын көрінеді.

Сөз соңында кейіпкерім биылғы жылы Катко БК-ның 25 жылдығына орай барша әріптестерін мерейлі мерекелерімен құттықтап, еңбекте табыс, отбасында береке-бірлік тілейді! Ал кәсіпорындарының мұнан әрі қарыштап дамуына, бұдан да биік белестерден көрініп, ел игілігі үшін қызмет ете беруіне шын жүректен тілектес. Ендеше, біз де ауданымыздың ең басты материалдық байлықтарының бірі, ұранымызды өндіріп, еліміздің және өңіріміздің экономикасына елеулі үлесқосып отырған «КАТКО» Қазақ-Француз БК-ның қызметкерлерін 25 жылдық төл мерекелерімен құттықтап, тек, толағай табыс, қызметте абыройлы болулары редакция атынан тілейміз!

Данияр БЕК.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-Қазақстанның уран және оның қосындылары сирек металдар, атом электр стансаларына арналған ядролық отын, арнайы құрал-жабдықтар, технологиялар және екіұдай мақсаттағы материалдар экспортымен айналысатын ұлттық оператор. Компания қызметінің басты бағыттары геологиялық барлау, уран өндірісі, ядролық отын циклы өнімдерін өндіру, реактор жасау, АЭС құрылысы, сирек металдар металлургиясы және конструкциялық материалдар өндірісі, энергетика, ғылыми зеттеу, элеуметтік қамту және мамандар дайындау болып табылады. Бүгінде Қазатомөнеркәсіп әлемдегі жетекші уран өндіруші компаниялардың көшбасында тұр.



герлер кеңесінің төрағасы Қабыл Еспенбетов, аудандық мәслихаттың депутаты Нұржамал Майусова «КАТКО» бірлескен кәсіпорнының директорымен әңгіме жүргізіп, жұмысшылардың еңбек жетістігі, олардың мүмкіндіктері мен жағдайлары, қауіпсіздіктері бойынша сұрақтар қойып, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

- Уран өндірісі Қазақстан экономикасының басым бағыттарының бірі. Бүгінде еліміз уран өндіру бойынша әлемнің көшбасшы мемлекеттерінің біріне айналды. Барлық өндіріс орындарының мақсаты бір ғана шеңберде орайласқан. Ол- сапалы, мол өнім шығару. Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ дүние жүзіндегі ең ірі табиғи уранды өндіруші болып табылады. Қазіргі уақытта біз негізгі мүдделі тараптарды картаға түсіру жұмыстарын жүргізудеміз. Бұл жұмыс бірнеше маңызды функцияларды іске асырады: ол бізге мүдделі тараптардың біз үшін аса қажетті пікірлерін алуға мүмкіндік береді, мүмкін, кейбіреу-

БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫННЫҢ

Еске сала кеткен жөн болар, кешегі кеңестік дәуірде жер көлеміне бірнеше шағын мемлекеттер сыйып кететін Созақ ауданы одақтағы ірі малшаруашылығымен айналысатын аймақ болғанын жұртшылық ұмыта да қоймаған шығар. Жарты миллионнан асатын қаракөл қойының ауыр бейнеті жергілікті халықтың негізгі кәсібі болды деуге келеді. Кең сахараны тұяғымен таптап, шаңын шығарған, шұбырған қара қой Бетпақдаланың ең даласын да кең жайлау төріне айналдырған еді.

Сол жер қайыстырған төрт түлік малдың қатары сиреп, кең сахара еркін тыныстап жатқандай болды. Бүгінде сол жер көлемі кең Теріскей елі Тәуелсіздік шапағымен нұрланып, егеменді еліміздің жаңарған, жақсарған, дамудың жаңаша соқпағына түскен болашағы жарқын өңірге айналып отыр. Тек төрт түлік мал өсіруге табиғат жағдайы мен жер бедері лайықты деген қасаң пікірдің көбесі сөгіліп, артта қалған ауданнан, оңтүстік өңірдегі көшбастаушы аудандардың біріне айналды.

Мал шаруашылық аймақтан ірі өндірістік өңірге айналған ауданның өзгерген келбетіне куә болған жергілікті жұртшылықтың жүзі жарқын. Теріскей өңірінің жерасты қазба байлықтарына бай екені сонау кеңестік дәуірдің өзінде белгілі болған еді.

Нарық заманында өндіріс шығыршығын айналдыруда негізгі күш саналатын шетелдік инвесторлардың біздің ауданға қызығушылық танытулары тегіннен тегін болмаса керек, осыдан жиырма бес жылдай бұрын яғни 1996 жылдардың басында Арқаның кең төріне Канаданың «Камекс», қара құмның ішінен Францияның «Орано» сияқты алпауыт компаниялары отандық «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық компаниясымен «КАТКО» бірлескен кәсіпорын құрып, табиғи уранды өндірушілердің алғашқылары болып орналасып, кәсіптерін дөңгелетіп әкетті.

Десекте, құлазып жатқан кең даланың самаладай жарқырап, асфальтты даңғыл жолдар түсіп, заманауи үлгідегі құрылыста кен орындарының, биік мұнаралардың бой көтеріп, өндірісті қалашықтардың пайда болып, өркениетті өрістің етек жая бастағаны көңілге жағымды, құптарлық пікір ұялатқандай болды.

Сонымен жуырда арнайы іссапармен қазақстандық Қазатомөнеркәсіп- француздық «Орано» компаниялары аясындағы «КАТКО» бірлескен кәсіпорнының жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты уран өндіру және өңдеу мекемелерінде болып қайттық. Айтары жоқ, аталған кәсіпорын Қазақстанның уран өндірісіне ерекше екіпін қосып



отырған мекеменің бірі.

«КАТКО» қазақстандық-француздық бірлескен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Созақ ауданының территориясындағы, яғни құмды алқапқа табан тіреп Мойынқұм және Төртқұдық кен орындарын игеру мақсатында 2006 жылы өндірістерін іске қосып, өз жұмысын бастаған болатын. Аталған өндіру кенішінің негізгі іс-жүйесі геологиялық барлау жұмысымен қатар 300-700 метр тереңдіктегі жер қойнауындағы табиғи уранды шаймалау әдісімен қазып шығарып, өндіру әрі

сыртқа тасымалдау. Кеніште мыңнан аса адам екі ауысыммен жұмыс жасайды. «КАТКО» бірлескен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бастапқы кезде жылына 2000 тонна табиғи уранды өндіріп, 2013 жылы жылдығына 4000 тонна табиғи уранды өндіріп, 2016 жылы табиғи уранның 30 000 тоннасын өндіріп жоғарғы көрсеткішке қол жеткізді. 2021 жылы өнімді 45 000 тоннаға жеткізген. Аудан әкімінің орынбасары Ағаділ Сатыбалды, аудандық мәслихаттың хатшысы Бегімбет Байғараев, аудандық арда-

лерінің нақты пікірлерін біз бұрынсоңды алмаған шығармыз; сондай-ақ, ол келешектегі диалогтар үшін негіз құрады және біз «КАТКО» қызметіне қызығушылық танытқан әр адамның пікірін бағалайтынымызды көрсетеді.

«Жауапты тау-кен компаниясы үшін жергілікті мүдделі тараптармен әрекеттесу тау-кен өндірісінің әрбір кезеңінде үлкен маңызға ие. Біз жоспар құрып, мәселелерді шешіп, процесстің әр кезеңіне қажетті лицензияларды алу үшін барлық деңгейде ұлттық, аймақтық, муниципалдық билік органдарымен тығыз байланыста болуымыз керек».

Тікелей экономикалық әсерден басқа, жергілікті қоғамдастық «КАТКО» компаниясы әл-ауқатқа тікелей инвестициялар жүзеге асырады деп күтеді. Бірінші кезекте біз жұмыс жасайтын аудандардағы балаларға арналған спорттық және білім беру мекемелеріне қолдау көрсетіп, қажетті қоғамдық ресурстарды қамтамасыз ете отырып, біз бұрыннан-ақ бұл бағытта жұмыс істеуге шешім қабылдағанбыз. Мұндай инвестицияларға қойылатын біздің бірінші талабымыз-шығындардың ашықтығы мен тиімділігі. Бүгінде біз негізгі инвестицияларымызды жүзеге асырудамыз.

Жергілікті билік органдарымен және қоғам мүшелерімен бірге жобалар қоржынын әзірлеп, біз жобаларды қаржыландырып жатырмыз.





КӘСІБИ ЖЕТІСТІКТЕРІ

КӘЖ аспектілері «КАТКО» компаниясының басты назарында. Біз стратегиямыз бен мақсаттарымызды мүдделі тараптарымызды мүдделерінен айырып қоя алмаймыз. Менің кеңсемнің қабырғаларында біздің қызметіміздің әр аспектісі бойынша күнделікті индикаторларды көрсететін тақталар ілулі тұр. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау аспектілері мен үшін басым болып табылады, сондықтан мен оларға күнделікті назар аударамын.

Кәсіпорынның жұмысшылары кезек-кезегімен қысқа мерзімді кәсіби біліктілігін арттыру курстарынан өтіп тұрады. Бұл өз ретінде, сөзсіз, жұмысты тиімді ұйымдастыруға, жаңа технологияны енгізу мен өндіріс мардымдылығына қол жеткізуге жағымды әсер етті. Айта кету керек, Тасты ауыл әкімдігі тұрғындарына ерекше қамқорлық танытып тұрамыз. Тастының көптеген жұмыссыз азаматтарын еңбекпен қамтыдық. Сондай ақ аз қамтылған отбасыларына жыл сайын материалдық көмек беріп тұруды дәстүрге айналдырғанбыз. Мектеп оқушыларына, балабақша балаларына мереке сайын сыйлықтар, және мектепке қажетті құрал-жабдықтар алып беріп тұрамыз. Тасты ауылына мектепке оқушылар тасмалдайтын автокөлік алып, заманауи үлгіде балабақша салып бердік. Жалпы қандайда өтініш сұраныстарды қанағаттандыруға барынша тырысамыз.

Жұмысшылардың 53%-ы Созақ ауданының тұрғындары екенін ескере отырып, «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні», «Наурыз мейрамы», «1 мамыр – Қазақстан Халықтары достығы күні», «Отан қорғаушылар күні» мен «Жеңіс күні» мерекелеріне арналған іс-шаралар өткізіліп тұрады. 2021 жылы аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық «Созақ үні» газетіне демеушілік жасап, екі жарым миллионға жазылым жүргізіп берді. Ағымдағы 2022 жылдың маусым айында Түркістан қаласында «Қазақстандық-Француздық» КАТКО бірлескен кәсіпорны ЖШС демеушілігімен жаңа заман талабына сай 100 пайыз цифрлық жүйеге қосылған медициналық жедел жәрдем орталығы салынып, ел игілігіне берілді. Тамыз айында КАТКО компаниясы «Оңтүстік Төртқұдық» атты жаңа учаскесіне лицензия алды.

Осы жетістіктердің барлығы – ортақ жеңісіміз. Бәрі де ел үшін, Қазақстанның болашақтағы дамуы үшін деп білемін» дейді «КАТКО» бірлескен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Паскаль Бастьен.

Уран өндіру кенішінің еңбек тәртібімен танысып, зауыт құрылысының орналасуын көріп, жұмысшы-мамандардың соның ішінде оператор, аппаратчик жігіттердің жұмыс жүйелеріне назар аудардық. Талап пен тәртіп өте мықты. Өндіру орнының жүрегі десе болады, негізгі цехта болып, кеніштің технологтарымен сұхбаттасып, өндірудің әдіс-тәсілдеріне, механикасына көз жеткіздік. Әрине уран өндіру оңай шаруа

емес, дегенде білім мен біліктілікті, аса сақтықты, жауапкершілікті талап етеді. Денсаулық, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздігі бойынша директоры Исмағұлова Әйнагул «... өндірісте жұмысшылар 100 пайыз арнайы жұмыс киімдермен және арнайы сақтандыру құралдармен, сапалы тамақпен тағы да басқа Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған талаптарына сәйкес



"Катко" уран өндіруге жаңа лицензия алды

Қазақстан-француздық «КАТКО» бірлескен кәсіпорны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінен Мойынқұм кен орынының Оңтүстік Төртқұдық жаңа учаскесіне лицензия алғаны туралы хабарлайды. Оңтүстік Төртқұдық компанияға алдағы 15 жылда өндіріспен қамтамасыз етеді деп күтілуде.

46000 тонна уранның бағалау қоры бар. Оңтүстік Төртқұдық учаскесін «КАТКО» геологтары игерген. Ол Мойынқұм кен орнының аумағында орналасқан, онда КАТКО 2006-2021 жылдар аралығында жиынтық өндіріс көлемі 40000 тоннадан астам уранның басқа екі Төртқұдық және Мойынқұм учаскелерінің өңдеуін жүргізуде.

«КАТКО» көп жылдық тәжірибесінің негізінде жаңа учаскеде уранды өндіру жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен жүргізілетін болады. Оңтүстік Төртқұдық учаскесіндегі инфрақұрылым қоршаған ортаны қорғау және үнемді өндіріс саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес құрылатын болады.

Жаңа қосалқы учаскені пайдалануға беру үшін қажетті жұмыстар көлемін ескере отырып, «КАТКО» 2026 жылдан ерте емес өндіріс деңгейіне жылына 4000 тонна уранды қайтара отырып, келесі 2

жылда өндірістің жалпы көлемінің шамамен номиналды қуаттан 65% - ға (жылына шамамен 2600 тонна уран) төмендеуін күтуде.

Оңтүстік Төртқұдық учаскесін игеру 2017 жылы «КАТКО-Огоно» және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ акционерлері қол қойған уран өндіру саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың бір бөлігі болып табылады.

«Біз Оңтүстік Төртқұдық учаскесінде құрылыс жұмыстарын бастауға қуаныштымыз. Бұл 2021 жылы өзінің 25 жылдығын атап өткен «КАТКО» тарихындағы өте маңызды сәт. Бұл жоба алдағы 15 жылда өндірісті жалғастыруға және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бұдан да ұзақ үлес қосуға мүмкіндік береді,-деп «КАТКО» Бас директоры Паскаль Бастьен деді. –Мен «КАТКО» компаниясының барлық қызметкерлеріне жоба бойынша үздіксіз жемісті жұмысы мен рәқсат алғаны үшін алғысымды білдіргім келеді, соның арасында біз жаңа учаскенің игеруін бастай аламыз. Сонымен қатар, біздің акционерлерімізге-Огоно мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ осы мәселеде үнемі қолдау көрсеткені үшін алғысымды білдіремін».

жағдайлардың барлығымен қамтамасыз етілген. Техникалық, радиациялық қауіпсіздікке және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне өте көп көңіл бөлінеді. Осыған байланысты болар біздің мекемеде мемлекеттік бақылау органдарының жылсайын өткізетін тексерулерінің нәтижесінде техникалық, радиациялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында айтарлықтай ережелер мен талаптардың бұзушылығы тіркелмеген», - деп бірқатар қауіпсіздік нұсқаулармен таныстырды. Айтары жоқ, өндірісті аймақтың мұнтаздай тазалығы, зертхана бөлігі, ғимараттардың орналасуы, қосалқы заттарды сақтау қоймалары - барлығы ерекше ұқыптылықты байқатып, қатаң талап пен бақылаудың барында жоққа шығармады.

- «Кеніштің өзі Созақ ауданының жерінде орналасқандықтан өндірісте еңбек етіп жүрген жұмысшылардың 72 пайызын Түркістан облысының тұрғындары құрайды. Сондай-ақ, негізгі мамандар Қазақстанның әр түрлі аймақтарынан тартылған.

Еңбеккерлерді жұмысқа қабылдау рәсімінде өзіндік талап-ережелері бар. Бұған қарамастан көп азаматтар ниет етіп келеді. Алайда, өндіріс орны жай кіріп шығатын орын емес. Сондықтан бірінші кезекте, білім, нақты маман иесі қажет- дейді Паскаль Бастьен.

Құла түзге, құмды алқапқа қарап тұрсаң техникалар керуені дала еңбегінің көрігін қыздыруда. Жұмысшыларға жасалған, мәдени-әлеуметтік нысандағы жайлар, жатақхана, асхана барлығы бірыңғай ыңғайластырылған. Құм ішінен терең құдықтар қазылып, сәмбі талдар, жеміс ағаштар отырғызылып, гүлзарлар шешек етіп, жерасты қазба байлықтарын өндіріп жатқан еңбек ұжымын басқарып отырған бас инженер Мэтью Риомен сұхбаттастық.

Қайбір істің болмасын алғашқы бастауы қиын болғанымен көп болып қолға алған соң қарқын алып, өркен жая беретіні белгілі. Ортақ мақсатқа жұмылған жандар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, еңбек етуде. Қысы қытымыр, жазы аптап ыстық шөл далада еңбек етіп, жерасты қазба байлықтарын өндіріп жатқан еңбек ұжымын басқарып отырған бас инженер Мэтью Риомен сұхбаттастық.

- Өндіріс жұмысшылары екі ауысыммен жұмыс жасайды. Жұмысшылардың барлығы жылсайын мекеменің қаржыландыруымен міндетті түрде медициналық тексеруден өткізіледі. Айтып өтейін, жұмысшылардың денсаулығына біздің кәсіпорын басшылары тарапынан ерекше көңіл бөлінеді. Яғни жыл сайын еңбекте озат еңбеккерлерді демалыс кезінде мекеменің қаржыландыруымен Түркістан облысындағы шипажайларға жіберіп тұру жұмыстары жүйелі жолға қойылған.

Жұмысшылардың жатын, демалатын вахталық қалашығын көріп шықтық. Жұлдызды шаңырақ. Айтары жоқ, кәсіпорын жұмысшыларының жататын, демалу объектілерінің жағдайы ең жоғары деңгейде екен. Тіпті өндіріс зауыттарының басында орналасқан кеңсе, асхана, зертхана, монша, түрлі химиялық қоспаларды сақтау қоймалары секілді нысандардың ерекше тазалығы үлкен қалалардың орталығында орналасқан көптеген кәсіпорындардан көш ілгері деуге де болады.

Осындай өрелі өндіріс орындарының өңірімізде өркен жая бергені ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын жеделдетіп, тұрғындардың тұрмыстық тіршілігін түзей түсетіні сөзсіз.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



на сай жұмыс істейді. Орталықта сондай-ақ АҚШ-та біліктілігін арттырған облыс мамандары қызмет көрсетеді. Жалпы облыс бойынша 140 жедел медициналық жәрдем бригадалары шақыртуларға қызмет атқарады. Өңір қажеттілігі 96 пайызға қамтылған. Облыста жедел жәрдем қызметінің кластері құрылып, ауылдық және қалалық жедел

ТҮРКІСТАНДА ЗАМАНАУИ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ОРТАЛЫҒЫ БОЙ КӨТЕРДІ

Түркістанда жаңа заман талаптарына сай жабдықталып, 100 пайыз цифрлық жүйеге қосылған медициналық жедел жәрдем орталығы салынды. «Қазақстандық-Француздық «КАТКО» бірлескен кәсіпорны» ЖШС демеушілігімен бой көтерген медициналық станция 25 бригадаға арналған. Инвестиция көлемі — 1,4 млрд теңге.

Сонымен, заманауи үлгіде жасақталған орталықта жедел жәрдем автокөліктері

шақыртуларға дер кезінде медициналық көмек көрсету үшін дефибриллятор, кардиостимулятор, кардиоверсия, кардиоманитор, электрокардиограф, ИВЛ аппараттарымен, оттегімен және электрлік, механикалық сорғыш аппараттарымен қамтылған. Жедел жәрдем станциясы жылына 70000-ға жуық шақыруға шыға алады.

Жедел жәрдем стансасы 4 категориялық санат бойынша «алтын сағат» қағидасы-

жәрдем қызметтері орталықтандырылған. Нәтижесінде науқастарға жету уақыты барынша азайып, қызмет көрсету сапасы айтарлықтай артты.

Сонымен қатар, Түркістан қаласында медицина саласын дамытуға күш салынууда. Біріккен Араб Әмірліктерінің қолдауымен «Ана мен бала орталығының» құрылысы жүріп жатыр.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ынтымағы жарасқан мекеменің ырысты қыздары

Ырымжанқызы Айгүл- 1972 жылы Созақ ауданында, Шолақ-қорған ауылында дүниеге келген. 2001 жылы осы «Катко» біріккен кәсіпорны ЖШС компаниясына қызметке тұрады. Биылғы жылы Айгүлдің қызмет жасап жатқанына 21 жыл болады. Қазіргі таңда Шаруашылық қызметі бойынша супервайзер болып қызмет атқарады. Бүгінгі күні Алматы қаласында тұрады. Отбасында бір қызы бар. Осы қызметті жасап келе жатқанына өте қуанышты.

Айгүлдің қызметтік міндетіне шаруашылық қызметі бойынша супервайзері қызметтері қысқаша айта кетер болсақ, кеніштегі қызметкерлерді тамақпен қамтамасыз ету бөлімі, тұратын орынмен қамтамасыз ету бөлімі бойынша және ресепшен жұмысын ұйымдастыру, компанияның ішкі клиенттерінен ТЖ және авиа билеттерге берген өтінімін бақылау және де мердігерлердің тұруына қатысты мәліметтер дайындау, кеніштердегі вахталық лагерлердің Мойынқұм, Төртқұдық учаскелеріндегі тұрғын жайларының, кеңсе жайларының ахуалы мен тазалығын бақылау қызметтері кіреді.



Салагаева Татьяна Станиславқызы- 1965 жылы 18 шілдеде Жаңатас қаласында дүниеге келген. Талапты қыз осы қаладағы «Октябрьдің 60 жылдығы» атындағы орта мектепті бітірген соң Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің бухгалтер-экономист факультетін бітірген. Отбасында ата-анасы, Ольга, Инна атты екі қызы, Станислав, София, Милана атты немерелері бар. Күйеу баласы мен қызы осы «Катко» біріккен кәсіпорны ЖШС компаниясында қызмет атқарады. Өндіріске дейін сауда саласында жұмыс істеген. Катко БК-да 2000 жылдан бері қызмет істеп келеді. Өндіріс қонақ үйінде қызметкер, одан кейін аспаз болған. Кейін өндірісте шаруашылық бөлімінің бастығы болады. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан «Катко» біріккен кәсіпорнында 20 жылдан аса абыройлы қызмет етіп келеді. Қызметінде жұмысшыларға ыңғайлы жағдай жасап абырой биігінен көрініп мекеменің алғыс хаттарымен, мақтау қағаздарымен және «Катко» мекемесіне 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.



Мақсат ҚАРПАБАЙ.

Өндірісті өркендетуге үлес қосып келеді



Өңірімізде өндіріс өркендеп, қанатын кеңге жаю үстінде. Осы салада өздерінің еңбегін аянбай сіңіріп, қызмет етіп, әріптестерінің ортасында құрмет пен абыройға бөленіп жүрген аптал азаматтар көптеп саналады. Солардың бірі- Бағдат Серікбайұлы. Ол «Катко» қазақ-француз біріккен кәсіпорнында 2006 жылдан бері геотехнологиялық алаңның операторы болып қызмет атқарып келеді.

Алғашқы кездері әріптестерінен үйрене жүріп бұл мамандықтың қыры мен сырына қанықты. Талапты азамат ізденіп, қарап, жұмысқа тиянақты қарап, көп нәрсені көңіліне түйіп, үйренді. Ерінбей, жалықпай машықтанудың арқасында шеберлігін арттырды. Өз-өзіне жоғары дәрежеде талап қойды. Нәтижесінде алдыңғы қатарлы үздік операторлардың санатына қосылды. Еткен еңбек, тынбай іздену-нәтижесін берді. Мекеме басшылары

Бағдаттың іскер азамат екендігін бағалай білді. Ол 2011 жылы үздік оператор қағазымен марапатталды. Басшылық тарапынан көрсетілген бұл ынталандыру-Б.Серікбайұлының жұмысқа



деген құлшынысын арттырып, мерейін үстем етті. Үнемі жұмыс барасында жақсы жетістіктерімен көзге түсе білген ол 2020 жылы «Катко» мекемесінің жыл қызметкері атанды. Бағдаттың бұл жетістігі де оның мерейін өсірді. Өз қызметіне деген қызығушылығын арттырып, еңбек көрігін қыздыра түсуіне септігін тигізді.

Бұл кездері ол жас мамандарға тәлімгер болуға жетті. Жаңадан келген әріптестеріне тәлімгерлік жасап, оларды шыңдауға үлес қосты. Оларға осы жауапты қызметтің қыры мен сырын үйретті. Тынбай қызмет етудің арқасында өз мамандығының шебері атанып, ұжымда құрмет пен абыройға бөленді.

Үстіміздегі жылы «Қазатомпромға-25 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Бағдат Серікбайұлы жан-жағында да өнегелі отбасы иесі. Өмірлік жары Ақмарал Бекішова екеуі ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп отыр. Қызметінен қолы босаған кезінде соларға тәлім-тәрбиесін береді, ақыл-кеңесін айтады. Жұбайы Ақмарал аудан орталығындағы ІТ мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. Шәкірт тәрбиесімен айналысады. Ұлы Серікбай Дінмұхаммед Өскемен қаласындағы С.Аманжолов атындағы университетің филология факультетінің 2 курс студенті, қызы Серікбай Бибіфатима Т.Әлімқұлов атындағы лицей интернаттың 11 сыныбында оқиды. Кіші ұлы Бағдатұлы Мұқағали Т.Әлімқұлов атындағы лицей-интернатта 1 сынып оқушысы.

Өңіріміздегі өндірісті өркендетуге үлес қосып келе жатқан Бағдат Серікбайұлы алдағы кезде де қызметінде жоғары жетістіктерге жетіп, ұжымдастырының құрметіне бөлене беретініне сенімдіміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Еңбегіміз жана берсін!

Жотабаев Есім Жаңбырбайұлы – 1974 жылы 15 наурызда дүниеге келген. 2000-2001 жылдары Таукент кентіндегі №1 колледжді оператор мамандығы бойынша тәмамдаса, 2005-2010 жылдар аралығында Тараз қаласындағы М.Х.Дулати атындағы мемлекеттік университетті бітірген. 2011 жылы Қазақстандық ядролық университетінде оқыған. Отбасылы. 5 ұл-қызы бар.

«КАТКО» БК компаниясында жұмыс жасап келе жатқанына 21 жыл болыпты. Бүгінгі таңда «TKDS» зауытының шебері болып жұмыс жасайды. Жұмыста жеткен жетістіктері өте көп. Соның ішінде айта кетері Қазақстан Республикасының Атом саласына еңбек сіңірген III дәрежелі қызметкер (қола белгі) құрмет кеуде белгісімен марапатталған.

-Менің атом саласында, оның ішінде «КАТКО» БК компаниясында жұмыс жасап келе жатқаныма 21 жыл болыпты. Бұл әрине аз уақыт емес. Өміріңнің еңбек жолын өзің таңдаған мамандыққа арнап, сол компанияның дамуына өз үлесіңді қоссаң, елдің дамуына қосқан үлесің деп білемін. Себебі, әрбір азамат өзінің ісін сүйіп істесе, сол жерде жұмыс жүреді, нәтиже оң жағынан көрсетіледі. Өзімің тарапымнан айтарым, біздің компания үздік компаниялардың қатарында. Басшылыққа айтар алғысымыз шексіз. Бізді әрдайым қолдап, қорғап, мейлінше жұмысшылардың жағдайын жыл өткен сайын жақсарту тусуе жұмыс жасап жатады. Бұл әрине бізді қуантады және жұмысымызды адал істеуге құштарландырады.

«КАТКО» БК компаниясын және де сонда қызмет етіп жүрген барша әріптестерімді 25 жылдық мерейтоймен құттықтаймын! Жұмысымыз жемісті болып, еңбегіміз жана берсін демекпін!



Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ.

Бүгінгі күннің басты тақырыбы

Бүгінде ғаламтор пайдаланбайтын, әлеуметтік желілерде парақшасы жоқ адам кемде-кем шығар. Заман ағымы, уақыт талабына сай мұндай әлеуметтік желілер адамдар арасында қарым-қатынас орнатудың ғана емес, ауқымды мәселелерді талқылауға, белгілі-бір оқиға не құбылыс туралы қоғамдық пікір қалыптасуға ықпалы зор үлкен күшке айналып отыр. Ақпарат ғасыры саналатын мына заманда басқаша болуы мүмкін емес те сияқты. Дегенмен, интернетті осындай игі мақсаттардан бөлек, арам пиғылдарын жүзеге асыру үшін пайдаланатындар да кездесіп жатады. Бүгінгі әңгімеміз әлеуметтік желілердегі алаяқтық туралы болмақ.

Бұдан бірнеше жыл бұрын ғаламтордағы алаяқтық кәсіби хакерлердің ірі қаржы ұйымдары мен мемлекеттік мекемелердің сайттарына шабуыл, олардың ақпараттық жүйелерін істен шығару сынды әрекеттермен ғана байланысты қабылданатын. Бүгінде жекелеген адамдардың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына бұзып кіру, ондағы хаттар мен өзге де мәліметтерді көшіріп алып, түрлі мақсаттарға пайдалану болып кетті.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы таратқан мәліметке қарағанда, қазіргі күні алаяқтық қылмыстардың көбі интернет арқылы жасалатын болыпты. Ғылыми тілде мұны «Ақпараттық жүйені пайдаланып жасалатын алаяқтық» деп атайды. Бүгінде халықтың көбі, әсіресе оң-солын танып үлгермеген жастар интернетке жіпсіз байланғанын ескерсек, алаяқтардың да сол ауылды торуылдайтыны түсінікті жайт.

Бүгінгі таңда елімізде интернет алаяқтыққа қарсы қандай іс-шаралар қолға алынууда? Алаяқтардың арбауына түсіп қалмау үшін не істеу қажет? Ел-жұрт нәліктен қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтай бермейді? Осы және өзге де сұрақтарға жауап іздеген біз аудан прокурорының орынбасары Алмас Жағыппаровпен арнайы сұхбат жүргізген едік.

-Алмас Бахытұлы, ең алдымен, интернет-алаяқтық деген терминге қысқаша анықтама беріп өтсеңіз?

—Алаяқтық дегеніміз — бағзы заманнан бері адамзат баласымен бірге жасап келе жатқан қылмыстардың түрі. Ол қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатады. Соған орай, алаяқтықтың бүгінгі таңдағы жаңа бір сипаты — ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өмірге келген интернет-алаяқтық болып отыр және оның түрлері де күн өткен сайын кең таралып, көбейіп келеді. Интернет-алаяқтық деп — ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді айтамыз. Яғни, бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап-арбап, олардан ақша бопсалау, мүлкін жымқыру секілді жымқыры әрекеттерге барады.

- Бұл алаяқтықтың басқа қылмыстардан қандай ерекшеліктерін айтар едіңіз?

— Ғаламторды торуылдайтын алаяқтар дәстүрлі алдау қағидаларын ұстанғанымен, олардың ерекше сипаттары да бар. Мәселен, олар интернетті пайдаланатындықтан, халықаралық деңгейде таралуымен ерекшеленеді. Яғни, бір елде отырып, екінші елдегі адамдарды алдап-арбай беретін шекара талғамау сипаты бар. Екіншіден, интернет-алаяқтар жасырын болып келеді.



Яғни, олар жалған жеке және заңды тұлғалардың атынан жиі әрекет етеді.

-Соңғы уақытта интернет-алаяқтықтың қандай түрлері көп кездесіп жүр?

—Елімізде көп кездесіп жүрген алаяқтық түрлеріне интернет-дүкенмен байланысты алаяқтықтар, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, телефон-алаяқтық, SMS-алаяқтық және интернет-банкинг арқылы жасалатын қылмыстар жатады.

Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады. Уақыт талабынан олар да қалыс қалмай келеді, әсіресе әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отыр. Әдетте алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналастырады немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Ең жиі кездесіп жүрген интернет алаяқтықтың түрлері интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар болып отыр.

-Интернет арқылы қайыр сұрау дедіңіз. Ол не сонда?

—Бұл жерде алаяқтар интернетте, әлеуметтік желілерде танымал де-меушілердің, қайырымдылық қорларының атынан мұқтаж адамдарға көмек көрсету туралы жарнамалар береді. Өздері сол қорлардың сайтының не аккаунтының тура көшірмесін жасайды. Көп адамдар оның жалған сайт екенін білмей қалуы мүмкін. Тек, реквизит номерлері ғана басқаша болады. Көмек көрсеткісі келген адам қорлардың шын сайтына кірдім деп ойлап, ақшаны алаяқтардың шотына аударып жіберіп жатады. Сондықтан, қорларға қаражат аударамын деген адам алдымен оның иелерімен сөйлесіп, аударылатын есепшот нөмірін тексеріп алып қана көмек қолын созуы тиіс.

-Соңғы уақыттарда әлеуметтік желілерде ауыр дертке шалдыққан бөтен баланың суретін жариялап: «Менің балам еді, қатты науқас, көмек беріңіздер», - деп пайда табатындар көбейіп кетті. Бұл да осы санаттағы алаяқтыққа жатады емес пе?

—Иә, бұл да алаяқтықтың бір түрі. Ал, менің айтып отырғаным, жұмыс істеп тұрған шынайы қорларға тиесілі мәліметтердің көшірмелерін жасап, адамдарды алдап соғатындар жайында.

-Интернет-алаяқтықпен айналысқан адамдарға қандай жаза түрлері қарастырылған?

—Мұндай қылмыс түрін жасаған адамның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ал егер аса ірі мөлшерде жасаған болса, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

-Аудан көлемінде алаяқтық қылмыс ісі бойынша қаншалықты жұмыстар атқарылды?

—Аудан көлемінде қылмысты құдалау органдарымен алаяқтық қылмыстарына қатысты ағымдағы жылдың өткен мерзімінде - 14 /2021жылдың осы мерзімінде - 27/ сотқа дейінгі тергеп-тексерулер басталып, жүргізілген. Оның ішінде, 5 қылмыстық іс сотқа жолданып, сот үкімі қабылданған, 4 қылмыстық іс екі жақтың татуласуына байланысты өндірістен тоқтатылып, 3 қылмыстық іс қылмыс жасаған тұлғаның анықталмауына байланысты мерзімі үзіліп, 2 қылмыстық іс өндірісте тұр. Ауданда ағымдағы жылдың өткен мерзімінде былтырғы жылмен салыстырғанда алаяқтық қылмыстары 52 пайызға азайған. Дегенмен, алаяқтардың арбауына түспеу үшін тез арада материалдық жағдайды көтеру мақсатында ұсыныстар мен мүмкіндіктерге келіспеуге шақырамыз. Егер таныстарыңыз немесе бейтаныс адамдар «сыйақыға жұмысқа орналастырып беремін, мемлекеттік бағдарламалармен немесе жеңілдік арқылы пәтер, несие, жер телімін, арзан автотөлік алып беремін, балдарыңызды балабақшаға орналастырамын және басқа да сол сияқты қызметтер көрсетемін» - деген ұсыныстар жасаса, мұндай келісімдерді заңгердің көмегі арқылы жасау қажеттігін назарыңызға жеткіземіз. Алаяқтар әртүрлі тәсілдерді пайдалана отыра сенімге кіріп, алаяқтық жолмен ақша қаражаттарыңызды иемденіп кетуі мүмкін. Ақпаратты жақындарыңыз бен таныстарыңызға жеткізіңіз, өйткені тек қана өзіміздің күшімізбен мүлкімізді қылмыстық қолсұғшылықтан қорғай аламыз.

Сондай-ақ, аудан прокурорының төрағалығымен заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі мекемелерлік мәжіліс өткізіліп тұрады. Мәселен жуырда ғана, аудан әкімінің, аудан прокурорының, кент, ауылдық округ әкімдерінің, аудандық ПБ бастығының, аудан әкімі ап-

паратының дербес құрылымдық бөлімдері және өзге де құзырлы органдар қызметкерлерінің қатысуымен мәжіліс өтті. Аталған мәжілістердің күн тәртібінде қаралған мәселелер назарға алынып, олардың орындалуы прокуратура қызметкерлерінің жіті назарында болып отырды.

-Ақпараттық жүйелерді пайдаланып алаяқтық жасайтындарға алданып қалмау үшін не істеу керек? Маман ретінде кеңестеріңізді айта кетсеңіз?

—Жоғарыда интернет-дүкендер жайлы айтып өттік. Әрине, интернетте керемет тауарлардың жарнамаланып жатқанын көргенде, қай-қайсымыз да оны сатып алуға құлшынамыз. Мұндай жағдайда, ең біріншіден, сол тауар алатын сайт қандай сайт, жалған емес пе, соны анықтауға тырысуымыз керек. Оның мекенжайы, телефондары бар ма, соған қараймыз. Егер болып жатса, оған хабарласып, сатушысымен сөйлесуіміз қажет. Осы сайтта бұл тауарды бұрын алған адамдардың пікірлері бар ма, олар не дейді, осыған да назар аударған артық болмайды. Осындай жан-жақты ақпараттарды анықтап алғаннан кейін ғана ақшаны төлеуімізге болады. Ал, жалған интернет-дүкендерге алданып қалып жатқандардың көбі «дүкеннің» егжей-тегжейін қарап тексеріп жатпай-ақ, сайтта көрсетілген шотқа ақшаны жібере салады.

Осы жерде тағы айта кететін маңызды нәрсе—әрбір интернетке қосылған компьютерде, планшетте вирусқа қарсы бағдарламалар міндетті түрде болғаны дұрыс. Өйткені, ол сізге қажетсіз, күмәнді, сіздің бағдарламаларыңызға тікелей зиян келтіретін бөтен файлдарды тез анықтап, бәрін өзі-ақ жойып отырады немесе сізден сұрап отырады.

Одан кейін естеріңізге сала кетейік, банктер болсын, құқық қорғау орындары болсын, еш уақытта сізге телефонмен хабарласып немесе мессенджермен жазып, логин, пароль секілді құпия мәліметтерді сұрамайды. Тіптен, қажет болған жағдайда, банк қызметкері сізге хабарласып, бар мәселені нақтылау үшін «біздің кез келген бөлімшемізге келіп кетіңіз» деп өтінуі мүмкін. Өйткені, телефон арқылы ондай мәселелер шешілмейді. Осыны ұмытпайық.

-Ал, енді, біз интернет-алаяқтарға алданып қалғанымызды білдік, ақшаны төлеп қойдық, сол кезде ең бірінші әрекетіміз қандай болуы керек?

— Ондай кезде алаяқпен ұрысып-керіспей, онымен байланысты мейлінше созуға тырысу керек. Мысалы, ол сізден тағы ақша сұрап жатса, ал сіз оның алаяқ екенін білген болсаңыз: «Қазір менде ақша жоқ еді, бір жерден алып келейін, жарты сағаттан кейін немесе ертең хабарласа аласыз ба?», — деген секілді онымен қарым-қатынасты созудың амалын жасау қажет. Яғни, ол телефондарын өшіріп, мүлдем жасырынып кетуіне жол бермеуге тырысқан жөн. Сол секілді терминалмен төлеген чектерді, әлеуметтік желіде, мессенджерлер арқылы сөйлескен диалогтарыңыз болса, оларды да сақтап, дереу арада құқық қорғау органдарына жүгіну қажет. Бұл мәліметтердің бәрі біздің алаяқты табуымызға көмектеседі.

-Азаматтар үшін аса маңызды ақпараттармен бөлісіп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан:
Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Аудан тұрғындарының назарына!

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тапсырмасы негізінде 20.10.-10.11.2022 жылдың аралығында қала, аудан және ауылдық округтерде «Заң керуені» акциясын өткізу жоспарланған.

Акцияның мақсаты жергілікті жерде халыққа жедел құқықтық көмек көрсету, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, заңдарды түсіндіру, заңды құқықтарын іске асыруға мүмкіндігі жоқ әлеуметтік топтарды анықтау, елдегі қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайту болып табылады.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 9 қараша күні сағат 15:00-де «Мыңжылқы» мәде-

ниет сарайында «Заң керуені» акциясы өткізіледі. Аталған акцияға аудан тұрғындары барып, өздерін мазалап немесе толғандырып жүрген сауалдарына жауап алуға болады. Сондай-ақ, жиын барысында аудан прокурорының жеке қабылдауы өтеді.

Алдын-ала жеке қабылдауға жазыламын немесе жазбаша сауал жолдаймын деген азаматтар үшін аудандық прокуратураның төмендегі байланыс нөміріне хабарласуға болады.

Байланыс телефоны: 8-778-200-97-71.

Аудандық прокуратура.

Шырпы шырпының жауы

Бүгінгі күні барлық далалы алқаптарда баялыш, сексеуіл өсімдіктері ұрықтанып тұр. Сол себепті де кейбір қаскөйлердің тарапынан болатын орман өртінің, қасақана сексеуіл, баялыш сындырушылардың алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Жалпы елімізде өрттің қауіпсіздігі, сексеуіл, баялыш сияқты өсімдіктерді қорғау туралы ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары жиі өткізіліп тұрады. Онда ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы, қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер де кеңінен айтылып келеді. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер беріледі.

Кенеттен болған өрт аңқысты қыру, сексеуіл, қара-

барқын сынды табиғат байлықтарын себепсіз отау болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, келешек ұрпақ алдындағы парызымыздың орындалғаны болар еді.

Әлібек ДАУЫЛБАЕВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

БЖЗҚ

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары бір жыл ішінде 1 триллион теңгеге өсті

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,97 трлн теңге зейнетақы жинақтары қалыптасты. Бір жыл ішінде (01.09.2021ж. -01.09.2022 ж.) сома 1,02 трлн теңгеге немесе 7,9 % өсті.

Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 13,6 трлн теңгені құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары 416,0 млрд теңге, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі шамамен 3,0 млрд теңге.

«Созақ үні»-ақпарат.

Хабарландыру

«СКК» (Kaplogistics) ЖШС ОАТБ филиалы ЖБШН, ШЖБТН жобасы, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өткізу орны: Созақ ауданы, Таукент ауылы, ОАТБ ғимараты, мәжіліс залы.

Өткізу күні мен уақыты: 2022 жылдың 14 желтоқсан сағат 11:30.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Қосылу сілтемесі: <https://us04wed.zoom.us/j/6165408596?pwd-a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Бастамашы: «СКК» (Kaplogistics) ЖШС ОАТБ филиалы, мекен-жайы: Созақ ауданы, Таукент, Қызмешек ауылы, Танбалы таск-сі, 75. БСН 070341002123, тел. 8-702-133-8485.

Орындаушы: ЖК В&В Enviro Solutions, ЖСН 870624300082.

Қоғамдық тыңдауға ұсынылып жатқан материалдармен келесі порталда <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru> танысуға болады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық поштаға жібере алады: a.shymbekova@ontustik.gov.kz, ecoportal.kz. Материалдардың қағаз нұсқасымен Созақ ауданы, Таукент ауылы, ОАТБ ғимараты мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласыңыздар: +7 701 7323187.

Объявление

ЦАПБ филиал ТОО «ТТК» (Kaplogistics) объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам НДС, НДС, ПУО, Программа ПЭК.

Место проведения: Сузакский район, п.Таукент, здание Централизованной автоперевалочной базы, конференц-зал.

Дата и время проведения: 14 декабря 2022 года в 11:30

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка подключения: <https://us04wed.zoom.us/j/6165408596?pwd-a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Инициатор: ЦАПБ филиал ТОО «ТТК» (Kaplogistics), адрес: Сузакский район, п. Кыземшек, ул.Танбалытас, 75, БИН 070341002123, тел. 8-702-133-8485.

Исполнитель проекта: ИП В&В Enviro Solutions, ИИН 870624300082.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на портале [ecoportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru), <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Все заинтересованные лица могут отправить свои замечания и предложения на электронную почту: a.shymbekova@ontustik.gov.kz, ecoportal.kz. С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Сузакский район, п.Таукент, здание ЦАПБ. По всем вопросам обращаться по телефону: +7 701 7323187.

Хабарландыру

«Инкай» БК ЖШС 14.11.2022 ж. бастап 25.11.2022 ж. дейін Бірыңғай Экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz>) «Инкай кен орнының №1 учаскесіндегі операцияның зардаптарын жою жоспары және тарату қорын қалыптастыру жобасы» (бастапқы жоспар) бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Барлық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге Бірыңғай Экологиялық порталда ескертулермен танысуға, ұсыныстар мен ескертулер қалдыруға болады. Бастамашы—«Инкай» БК ЖШС, ЖСН 960340001136, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сарыжаз ауылы, Квартал 021 ауд., 194 үй ғимараты, тел.: +7 (7252) 99-71-82.

Объявление

ТОО «СП «Инкай» уведомляет о том, что с 14.11.2022 по 25.11.2022 г. на Едином экологическом портале (<https://ecoportal.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по «Плану ликвидации деятельности на Участке № 1 месторождения Инкай и проекта формирования ликвидационного фонда» (первичный).

Все граждане и общественные объединения могут ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания на Едином экологическом портале. Инициатор – ТОО «СП «Инкай», БИН 960340001136, Туркестанская область, Сузакский район, с. Сарыжаз, ул. Квартал 021, д. 194, тел.: +7 (7252) 99-71-82.

БЖЗҚ-ның 5 сұрақ айдары өзекті сұрақтарға жауап береді

1) Сәлеметсіз бе! Мен үш жыл бұрын зейнетақы жинағымды сақтандыру ұйымына аудардым. Айтыңызшы, мен бұл ақшаның бір бөлігін қайтара аламын ба?

–«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес нормативтік құқықтық актілерге бірқатар өзгерістер енгізілді. Оның ішінде 2022 жылғы 12 қыркүйектен бастап «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі- Заң) 60-бабына да өзгерістер енгізілді.

Заңның 60-бабының 14-тармағында зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан тұлғалар ол жасалған күннен бастап екі жылдан асқан кезде сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және ақшаны БЖЗҚ-ға қайтару бойынша Шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы екендігі белгіленді. БЖЗҚ-ға қайтарылуға жататын ақша сомасы оған өзгерістер енгізілген күнгі зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сатып алу сомасы мен зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күнгі Заңның 59-бабының 2-тармағында айқындалған төлем мөлшерін негізге ала отырып есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасы арасындағы айырмаша тең.

Басқаша айтқанда, сақтандыру ұйымында зейнетақы

аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күні қолданыста болатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес айлық сақтандыру төлемінің мөлшерін өмір бойы қамтамасыз ететін сома қалуға тиіс.

Осы тармақтың күші Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға да қолданылатынын атап өтеміз.

БЖЗҚ-ға ақшаны қайтаруды жүзеге асыру үшін салымшы (алушы) салымшымен (алушымен) зейнетақы аннуитеті шарты жасалған сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және БЖЗҚ-ға ақшаны қайтара қайтара қайтара Шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінугі тиіс.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.